



“БАЛДӘУРЕН” - ТЫНЫСЫ

№20 2 ауысым 20 ақпан 2023 жыл (ауысым сайын)

Балалар мен жасөспірімдер журналы

**«Leader's time»
жас көшбасшылардың
республикалық кездесуі**





*БОСЫМБАЕВ Даурен Абдикаримович,
«Балдәурен» РСО филиал директоры.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы*

Балдай тәтті – Балдәурен!

«Балдәурен – Түркістан» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы 2018 жылдың 15 тамызынан бастап 5 жыл бойы өз жұмысын мүлтіксіз атқарып келеді. Қазіргі таңда жаңа бастамалар мен игі жұмыстар атқарылып отыр. Ұрпағымыздың тәрбиесі мен білімінің ұштасуына бағыт беріп, болашақтың іргесін бірге қалаудамыз.

Біздің орталық қызметкерлері нағыз жалындаған жастар, білім мен өнерге тұла бойы тұнып тұрған шығармашыл, заманауи, өнерлі де өнегелі ұстаздар. Ұлтымыздың болашағын тәрбиелеуде үлкен жауапкершілікті сезіне білетін, өздерін үздіксіз дамыта алатын, елдің тарихын, тілі мен әдебиетін терең меңгеріп, балалардың бойына патриоттық сезімін сіңдіре білетін орталықтың қызметкерлеріне айтар алғысымыз шексіз. Балдәуренге келген әр баланың әрбір сәтін ерекше етіп өткізулеріне аянбай еңбек етіп, түрлі іс-шаралар ұйымдастыруда. Жоспарланған іс-шаралар ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, балалардың патриоттық сезімдерінің нығаюына үлкен септігін тигізуде.

Президентіміздің игі бастамаларын қолдай отырып еліміздің болашағы жас ұрпағымыз үшін біліміміз бен тәрбиемізді, бар күш жігерімізді салмақпыз. Балалардың «Арман аралына» айналған «Балдәурен» - бақытты балалаық шақ ордасы күнен-күнге дамып, күндеріміз жемісті әрі жеңіске толы боларына сенемін!

Еліміздің кез-келген оқушысын өз орталығымызға қуана қабылдап, балалық шағының өшпес естеліктеріне айналдырамыз деген ойдамыз. Құрметті оқушылар, біз сіздерді өз орталығымызда күтеміз. Сіз үшін есігіміз қашанда ашық.



ЕРНАЗАРОВА Айнұр Шүкірқызы,
«Балдәурен» РСО филиалының
ұйымдастырушы-ұстазы.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек

Тәрбие – бұл жалпы ортақ міндеттерді іске асыру барысында мұғалім мен оқушының өзара әрекетін қамтамасыз етуші арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жүйе жағдайында мақсаты «Тұлға» қалыптастыру болған әлеуметтік процесс. «Дүниенің ең тамаша туындысы – тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады» деп халық айтқандай қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, гуманитарлық және демократиялық өзгерістерге байланысты жеке тұлғаның дербестік сипатта дамуы маңыздылыққа ие болуда.

Біздің орталық қызметкерлерінің негізгі мақсаты – баланың жан-жақты дамыған, кез-келген ортада өзін еркін ұстай білетін, дарынды, алғыр бала етіп тәрбиелеу. «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталықтарына жыл сайын 16-ауысым бойынша 4300-4500 оқушы келіп, өзінің алған білімін жетілдіріп, сауығып, және де өздеріне өмірлік дос бола білетін оқушылар мен мұғалімдер арттыруда. Уақытша құрылған ұйымда 20 күн бойы ұйымдастырушы-ұстаздар жетекшілік етеді. Ұйымдастырушы-ұстаз балаға ата-ана, аға-әпке, жол бастар көшбасшы іспеттес. Орталыққа келген әр баланың мінез-құлқына байланысты ортаға бейімделуі, топта өзін еркін ұстауы бәрі ұйымдастырушы-ұстаздарға байланысты. Оқушылар топқа бөлініп, балалардың таныс емес ортада бірден ашыла алмайтыны да көптеп кездеседі. Бұл оқушы басты назарда болуы маңызды. Әр баланы жеке тұлға деп қабылдап, өзінің шектік шекарасынан шығарып алмай дұрыс бағыт бағдар беріп тәрбиелеу керек. Міне сонда ғана топты біріктіріп, «Ең үздік топ» етіп шығара аласың.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» - деп ұлы шығыс ғалымы, ғұлама-философ Әбу Насыр әл-Фараби бекерден айтпаса керек. Осы орайда, бала тәрбие ұғымын балалық шағынан бастап ата-анасының айтуынан үйреніп келеді, ал біздің, яғни ұйымдастырушы-ұстаздардың мақсаты баланы ойын арқылы өзіне баурап алу.

Біздің орталықтың басқа да білім ордаларынан ерекшелігі – мұнда келген әр бала өзінің өмірінің бір бөлшегі болатын балалық шағының естен кетпес естелігіне айналдыруында. 20 күн бойында білім беріп, тәрбиелеп, сауықтырып қана қоймай, әр баламен жеке жұмыс жасап, қалыптасқан өмір салтына өзгерістер енгізудеміз. Орталыққа келген әр баланың жүрегінен орын алып, қайта келуді арман ететіндей бар күш-жігерімізді салмақпыз. Білімнің қайнар көзі – тәрбие. Ұлт болашағы болатын жастарымызға жақсы тәрбие беріп, әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына ену басты мақсатқа айналғалы қашан.

«Nice to meet you» танысу кеші

Міне, 2023 жылдың 2-ауысымы басталғалы екі күн өтті. Бүгін оқушыларымызға «Оң қол» заңы, «Сол қол» заңы, «Асхана ережесі», «Twix» заңы және т.б орталық ережелерімен таныстыру мақсатында «Nice to meet you» танысу кеші болып өтті. Ойындар ойнатылып, балалардың өздерін ортада еркін ұстауларына көмектесті. 2023 жылдың 2-ауысымның оқушылары он саусағынан өнер тамған, өнерлі оқушылар екендерін көрсетті. Оқушыларымыздың ішкі тәртіпті берік ұстанып, ауысымның сәтті өтуіне жұмыла ат салысарына сеніміміз мол.



«Білімді ұрпақ – ел ертеңі» мектеп презентациясы

Балдәурен - балалық шақтың мекені,
Балдәурен - қызықты өмірдің кешені.

Балдәурен - достықтың ордасы,

Балдәурен - бақыттың ортасы, - арман аралына қош келдің, жас достар!



Бүгін орталығымызда 2-ауысымының мектеп презентациясы болып өтті. Оқушылар ұстаздармен таныстырылып, сыныптарға бөлінді. Осы ауысым барысында көптеген іс-шаралар өткізіп, қызықты сабақтар, әртүрлі зияткерлік ойындар, керемет әдеби-

сазды кештер өткізіледі. Бұл іс-шараларда балалар өздерінің жақсы қырларымен көрсете алады. Оқушылардың білімі мен біліктілігін арттыратын, дұрыс бағыт-бағдар беретін ұтымды ауысым тілейміз!



«Leaders time» топ визиткасын қорғау кеші



Визитка – топтың ынтымағын, татулығын, ұйымшылдығын көрсететін алғашқы іс-шара. Ауысым тақырыбынан ауытқымай 2023 жылдың 2 ауысымының визитка қорғау кеші «Leaders time» деп аталды. Кеште әр топтың бір-бірінен ерекшелетін аты, ұраны, санамағы болады. Визитка топтар арасында достықты

нығайту мақсатында ұйымдастырылады. 8 топ өнер көрсетіп болғасын «Жастар педагогикалық тобы» сахна төріне шығып нағыз топтың қандай болуы керек екендігін көрсетті. Нағыз өз ісінің майталман мамандары екенін дәлелдеді. Топ визиткасын қорғау кешінің «Ең ұйымшыл топ» номинациясын 2-топ, «Ең ерекше топ» номинациясын 1-топ, «Үздік топ» номинациясын 6-топ жеңіп алды.



«Сенім» ұйымының үміткерлермен танысу



Орталықта дәстүрге айналған негізгі іс-шараның бірі – «Өзін өзі басқару», «Сенім» ұйымының үміткерлерімен танысу кеші. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, білімді, топтар арасынан ең үздік, өнерлі оқушыларымыз іріктеліп, өзара сынға түсті. 20 күн бойы ұйымдастырушы-ұстаздарының көмекшісі болатын оқушыларымыз әділ-қазы алқаларына өз кандидаттығын ұсынды. Әр оқушының жеке дара қабілеті бар. Таныстырылымнан кейін орталық демалушыларына бір күн уақыт беріледі. Ескеретін жайт, әр топ өзінің

кандидатын таңдай алмайды. 2023 жылдың 2-ауысымының президенті болып кімнің сайланғанын ашылу салтанатында білетін боламыз.



2023 жылдың 2-ауысымының ашылуы



Бүгін «Leader's time» жас көшбасшылардың республикалық кездесуі атты 2-ауысымның ашылу салтанаты жоғары деңгейде болып өтті.

Жан-жақтан келген жас бүлдіршіндеріміз орталықты енді ғана танып, өз ортасына бейімделіп, топпен жұмыс жүргізуді үйренуде. 260 баланың ішінен өзінің ұйымдастырушылық қабілеті бойынша озып шыққан 5-топ демалушысы Диниш Сурайя 46 % дауыс жинап, ауысым

президенті болып тағайындалды. 20 күн бойы оқушылардың демалыстарының қызықты өтуіне топ тәрбиешілері мен бірге жұмыла ат салысарына сеніміміз мол. Барлық балдәурендіктерді нағыз – «Балдәурендіктер» болғанымен құттықтаймыз!



«New Zhastar» педагогикалық тобымен танысу кеші



Орталықтың тағы бір дәстүрге айналған көңілді кешінің бірі – «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші. Кеш әр баланың өз ұйымдастырушы-ұстаздарының жаңа бір қырынан

тануына көмектеседі. Жастар қызықты қойылым қойып, балаларға ерекше көңіл-күй сыйлайды. Балалармен бірге ән айтып, би билеп, өздерінің бар өнерлерін ортаға салады. Ұйымдастырушы-ұстаз болуың үшін қолыңан бәрі келетін, әмбебап тұлға болуың қажет. Тобындағы әр бала өз тәрбиешісіне қарап бой түзейді.



«Шабьт - шығармашылық кұралы» байқауы



Орталыққа келген оқушылардың өзіндік қабілетін, талантын анықтау мақсатында шығармашылық байқау ұйымдастырылды. Бұл байқау баланың қабілеті мен ерекше дарынына негізделген шығармашылық байқау. Оқушылар репортаж, жайдарман, мәнерлеп оқу, болашақ жобасы, хореография, аспапшылар, қол өнер, ертегі әлеміне саяхат, жазушылар т.б шығармашылық байқау бойынша өз бақтарын сынады. Байқау шарттары бойынша оқушылар өз қалаған жанрдағы байқауға қатыса алады. Байқау барысында ашылмай тұрған

талантты жастарымыз қаншама екеніне көз жеткіздік. Аталған байқаулар бойынша үздік болған үштік анықталып, өзіндік марапаттау қағаздарымен марапатталды.



«Жүзден жүйрік» сайысы (1-2-3)



2 ауысым барысында топтар арасында «Жүзден жүйрік» сайысы ұйымдастырылды.

Сайысымыз үш кезеңнен тұрады:

1-кезең: Білім

2-кезең: Спорт

3-кезең: Өнер

Балдәурендіктер мен топ тәрбиешілерінен құралған 4 топ сайысқа қатысты. 1 топта 1-8 топтар, 2 топта 2-7 топтар, 3 топта 3-6, 4 топта 4-5 топ демалушылары. Жалпы 3-кезең бойынша оқушылар өздерінің нағыз білімді, епті

және өнерлі екендіктерін көрсете білді. Сайыс барысында түрлі қызықты оқиғалар орын алды. Балдәурендіктерге сайыс қызықты болды деген ойдамыз.




«Көшбасшылар уақыты» үгіт бригадасы



2023 жылдың 2 ауысымы республика көлеміндегі жас көшбасшылардың кездесуіне арналғандықтан ауысым барысында «Көшбасшы» тақырыбында көптеп сайыстар мен іс-шаралар ұйымдастырылды.

Жастарымызды көшбасшы болуға шақыру мақсатында «Көшбасшылар уақыты» үгіт бригадасы өткізілді. Әр топ өзінің түрлі сахналық қойылымдарымен ортаға шығып, көшбасшы болудың қыр-сырымен бөлісті. Топ ішіндегі көшбасшылықты түсіндіріп, демалушыларымызды көшбасшы болуға шақырды.



«Ұшқыр ой баспалдағы» зияткерлік сайысы



Ақпан айының 8-жұлдызында Білім кешенінің ұйымдастыруымен «Ұшқыр ой баспалдағы» зияткерлік сайысы болып өтті. Білімнің үлкен табысқа, биік шыңдарға бастайтын күш екендігін растайтын бұл ойында түрлі салалардан қызықты сұрақтар қойылды. Қатысушылармен қатар көрермендер де ойынның атмосферасына бөленіп,

уақыттарын қызықты өткізді. Жалпы қатысушыларымыз зор дайындықпен келген, білімді, ізденімпаз оқушылар екендіктерін көрсетті. Тартысқа толы ойынымызда оқ бойы озық болған оқушыларымыз марапатталды.



«Чемпион» СМ ойындары



Салауатты өмір салтын ұстанған орталығымыздың ең қызық та, тартысқа толы маңызды іс-шарасының бірі «Champion» СМ ойындары. Екі күнге созылған бұл жарыс барысында оқушылар жекелей, топтық түрлі сайыстарға қатысып, өз бақтарын сынайды. Бірінші болуға

талпынады. Бұл сайыс барысында оқушылар ұйымшылдыққа, шыдамдылыққа тәрбиеленеді. Тартысқа толы өткен СМ ойындарымыздың жеңімпаздарын анықтап, жабылу салтанатында марапаттады. Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға шақырды. Шынықсаң шымыр боларсың.



«Арналады ақ тілек!» туған күн кеші



**Туған күнім – бақ күнім,
Туған күнім – шат күнім.
Сыйлайды дос, құрбылар
Қызыл гүлін, ақ гүлін.**

Туған күн – ғажайып армандар мен жарқын үміттерге толы өмірдің жаңа бастамасы. Бұл күн күнтізбеде қызылмен белгіленбеген, туған күн иелеріне ғана ортақ мейрам болса да, әлемде осы күнге жетер тамаша күн жоқ. Себебі дәл осы күн – біздің әлем сендермен толыққан күн. Ал

бүгін міне 260 баламен бірге өз туған күнін атап өткелі тұрсың. Бұның өзі бір бақыт. 2-ауысым барысында өз туған күнін Балдәуренмен бірге тойлап отырған барша туған күн иелерін туған күндерімен құттықтаймыз. Таудай талап, мызғымас сабырлық, қайтпас жігер, таусылмас талант, тамаша табыс, керемет кішіпейілділік, жайдары көңіл, ұзақ өмір тілейміз! Жадырап-жайнап, күліп-ойнап, бақытты сәтті күнде тойлап жүргейсіңдер!



**«Жетістікке жету өз қолыңда»
тақырыбындағы «Ғылыми жоба»
сайысының жеңімпаздарымен кездесу**



Бүгін орталық демалушылары облысымыздың үздік оқушылары, «Ғылыми жоба» сайысының жеңімпаздары Төлеби ауданы Ленгер қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің 9 сынып оқушысы Жансұлтан Төребек пен Төлеби ауданы, Алатау жалпы орта мектебінің 9 сынып оқушысы

Тұрғынбек Айзермен кездесті. Кездесу «Жетістікке жету өз қолыңда» тақырыбы аясында өтті. Оқушыларымыз өздерінің ғылыми жобаларымен таныстырып, зерттеу жолдарын түсіндірді.



Жансұлтан Төребек ерекше робот ойлап тапты. Оқушы қымыз құятын робот жасап шығарды «Асылбек» деген есім беріпті. Бұл тың

идеяны информатика пәнінің ұстазы Лаура Жақсыбекқызының көмегімен жүзеге асты. Облыста өткен жарыста бірінші орынға иеленді.

Тұрғынбек Айзере Қонаев қаласында өтілген «Балдәурен білгірі - 2022» III – республикалық зерттеу жұмысы мен әлеуметті жобалар байқауында бас жүлдеге иеленді.

Жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Қошанова Ақерке Қадырқұлызы. Балдәурендіктер мен жас ғалымдарымыз өзара пікір алмасып кездесудің сәнін кіргізді. Елдің ертеңі болар жас ұрпақтарымыз көбейе берсін!



«Өнегелі оқушы» танымдық сайысы



«Өнегелі оқушы» танымдық сайысы - өскелең ұрпаққа туған халқының замандар бойы қалыптасқан тіршілік қағидасынан қол үзіп қалмауын, тарих қойнауында жатқан мағлұматтарды зерделеу, оны болашақ игілігіне жаратып, жөргегінен ұлттық мәйекпен жарытып, ұлттың өзіндік мінез, өзіндік сана, өзіндік даналық қалыбын қалыптастыратын салт - дәстүрге ден қоюға бағытталған ойын



түрі. Сайысқа қатысушылар саны 10 оқушы. Жалпы сайыс 5 бөлімнен тұрады.

Бес бөлім бойынша балалар өздерінің шын жүйрік, білімді, озат оқушылар екендіктерін көрсете білді. Десекте сайыстың аты – сайыс.



«М.Мақатаев оқулары» мәнерлеп оқу сайысы



Ақын өзі өлгенмен - артында қалған өлеңі өлмейді демейме дана халхымыз. М.Мақатаевтің туылған күніне орай орталығымызда «М.Мақатаев оқулар» атты мәнерлеп оқу сайысы болып өтті. Оқушыларымыз ақынның түрлі жанрдағы поэзияларынан үзінділер оқыды.

Айтылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді деуі мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер тұрманы

Иә, ақын туралы бүгінгі таңда естеліктер де жазылып, лебіздер айтылуда. Бірақ ақын туралы айтқанымыздан, айтпағанымыз көп болып отыр. М.Мақатаев туралы көбірек білгіміз келсе, оның өлеңдерін оқиық.



«Балдәурен толқынында» дыбыстық оркестр байқауы

Дыбыстық оркестр – топ балаларының бірлесе әннің әуенін әр түрлі дыбыстар арқылы жеткізу. Топ болып жарысқан балалар өздерінің музыкалық қабілеттерін сынап көрді. Қызу сайыс барысында оқ бойы озық болған топты анықтау әділ-қазы алқаларына қиынға түсті. Бәрі бір-бірінен өткен өнерлі балаларды бөліп жару оңай емес. Ырғақты қойылған әуенмен жарыса түрлі заттар арқылы сол әннің әуенін қоса орындаған балаларды құдды бір оркестр дерсің. Тартысты әрі қызыққа толы байқау болды. Байқау қорытындысы бойынша жүлделі орын «Бас жүлдені» 8-топ, 1-орынды 7-топ, 2-орын 6-топ жеңіп алды, қалған топтар 3-орынға ие болды. Жүлделі орын алған топтарымызды жеңістерімен құттықтаймыз.



«Балдәурен көшбасшысы» зияткерлік ойыны

Ақпан айының 17 жұлдызы күні орталығымызда «Балдәурен көшбасшысы» зияткерлік сайысы болып өтті. Сайысқа 7-8-9 сыныптардан 10 оқушы қатысты. Оқушылар арасындағы көшбасшыны анықтау әділ-қазы алқаларына қиынға түсті. Себебі бұл орынға барлық оқушыларымыз әбден лайықты еді. Десекте сайыстың аты сайыс. Жеңбек барда, жеңілмек тағы бар. Сайыс қорытындысы бойынша 8 «Б» сынып демалушысы Наурызбай Бекарыс «Балдәурен көшбасшысы» атанды. Жеңіс құтты болсын.



2023 жылдың 2-ауысымының жабылуы



Кез-келген істің бастауы болғандай, оның аяқталуы да болады. Міне, 20 күн бойы жалғасын тапқан демалысымыз сәтті аяқталды. Көңілді кештер, түрлі танымдық, зияткерлік ойындар ұйымдастырылды. 2-ауысым демалушыларына ақ жол тілейміз.

Құрметті Балдәурендік атанған оқушылар! Әрине өздеріңдей өнерлі балалармен қимастықпен қоштасамыз. Сіздер үшін арман аралына айналған – Балдәуреннің есігі әрдайым ашық. Балдәуреннің төрінде сіздерді қашанда күтеміз. Оқушыларға тек қана сәттілік тілейміз! Алар асулары мен жетер жетістіктері көп болсын!



«Мың алғыс саған, Балдәурен!» гала-концерті



Қыс мезгілінің ең соңғы ауысымы 2-ауысым да аяқталды. 20 күн бойы оқушылар өз демалыстарын қызықты, есте қалардай естеліктерге толтырғанына сеніміміз мол. Кеше ғана орталық табалдырығын аттаған, ортаға үйренісі алмаған балалар, бүгін міне, өз ортасын, тобы мен ұйымдастырушы-ұстазын, қызыққа толы демалыс орнын қия алмай, жанарлары жасқа толған. Демалыс барысында қатысқан үйірмелерінің қорытынды сертификатымен

марапатталды. Қорытынды кешіміз «Мың алғыс саған, Балдәурен!» деп аталып, 20 күн бойы үйренген ән-биімен, көңілді көрінісін ортаға салды. Ауысым барысында өзін жан-жақты көрсете білген оқушыларымыз алғыс хаттармен марапатталды. «Балдәурен» бақытты балалық шақтың мекені сіздерге сәт-сапар тілейді. Орталық сіздерді қашанда қуана қарсы алуға әсір. Жолдарыңыз болсын жас достар!





Бас редактор: *Ерназарова Айну́р Шүкiрқыз*





baldauren

Мекен-жайы:

*Түркістан облысы, Төлеби ауданы,
Нысанбек ауылы, Үшсала көшесі, 32 үй*

Телефон: +7 (777) 357 07 37

E-mail & baldauren_2@inbox.ru